

**«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Мошқал Мәдина Асқарбекқызының «Жапонияның тұрақты даму моделі: «Junkangata Shyakai» («Қайта өндөу қоғамы») іргелі
жоспарының мысалында» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p><u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Диссертациялық зерттеу қазіргі заманғы жаһандық және ұлттық ғылыми басымдықтарға сәйкес өзекті тақырыпты қозғайды. Жұмыс мазмұны Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық мақсаттарымен үйлеседі. Аталған бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі – ғылыми әлеуетті елдің әлеуметтік-экономикалық даму мұддесіне тиімді жұмылдыру және қоғам алдында тұрған экологиялық сипаттағы күрделі мәселелерге ғылыми негізделген шешімдер ұсыну.</p> <p>Зерттеу нысаны ретінде алынған тұрақты даму және қалдықтарды басқару мәселелері қазіргі таңда Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін маңызды болып отыр. Бұл ретте диссертация мазмұны Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға көшу» тұжырымдамасының (2013), «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының (2021), көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі 2060 жылға дейінгі стратегиясының (2023), сондай-ақ БҰҰ-мен бірлескен тұрақты даму саласындағы 2021–2025 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасының негізгі бағыттарымен мазмұндық тұрғыдан сәйкес келеді.</p> <p>Жұмыс тек ұлттық бағдарламалармен ғана емес, сонымен қатар халықаралық және шетелдік тәжірибелермен – атап айтқанда, Жапонияның «Junkangata Shyakai» ұлгісін жүзеге асыру барысындағы құқықтық, институционалдық және</p>

			<p>басқарушылық тетіктерімен ұштастырылған. Жапондық тәжірибелің ғылыми талдауы мен оны Қазақстан жағдайында бейімдеуге қатысты ұсыныстардың берілуі зерттеу жұмысына практикалық маңыз ғана емес, сонымен қатар ғылымаралық және салыстырмалы зерттеулер контексінде өзектілік береді. Осылайша, диссертациялық жұмыс экологиялық қауіпсіздік пен ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша ұлттық және халықаралық деңгейдегі стратегиялық құжаттардың талаптарына сай келеді және қазіргі заманғы ғылым үшін құндылығы зор.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> / <u>қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> / <u>ашылмаған</u> .	<p>Диссертациялық жұмыс Жапонияның «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарын алғаш рет кешенді түрде қарастырып, оның институционалдық, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тетіктерін ғылыми түрғыдан талдау арқылы ғылымға елеулі үлес қосады. Жапония мен Қазақстанның қалдықтарды басқару жүйелеріне салыстырмалы талдау жүргізіліп, ұлттық жағдайға бейімдеуге болатын нақты ұсынымдар ұсынылған.</p> <p>Жұмыстың ғылыми маңыздылығы ашылған. «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының құрылымы мен тиімділігі бағаланып, бейімдеу мүмкіндіктері сараптамалық сұхбаттар мен SWOT-талдау арқылы негізделген. Зерттеу нәтижелері теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс құрылымдық жағынан жүйелі жазылған, мазмұны логикалық түрғыда бірізді. Зерттеу барысында қолданылған теориялық тұжырымдар мен эмпирикалық деректер терең талданып, автор тараپынан ғылыми қорытындылар жасалған. Материалдардың рәсімделуі мен дереккөздерді қолдану академиялық талаптарға сай орындалған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен ғылыми тұжырымдарынан автордың тақырыпты терең менгергені анық</p>

			байқалады. Материалды жүйелеу, дереккөздермен жұмыс істеу, салыстырмалы және сараптамалық талдау жүргізу барысындағы тұжырымдар авторлық ұстаным мен ғылыми көзқарастың нәтижесі екенін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	Диссертация тақырыбы қазіргі жаһандық және ұлттық маңызға ие тұрақты даму мәселелеріне арналған. Кіріспеде диссидентант әлеуметтік теңсіздік, экономикалық тұрақсыздық, климаттың өзгеруі мен ресурстардың сарқылуы сияқты қазіргі таңдағы өзекті сын-қатерлерді атап көрсетіп, тұрақты даму тұжырымдамасының жаһандық күн тәртібіндегі басымдыққа айналғанын негіздейді (бет 8-9, Кіріспе). Зерттеу жұмысында Жапонияның қалдықтарды тиімді басқаруға негізделген « <i>Junkangata Shyakai</i> » – « <i>Қайта өндіу қоғамы</i> » ұлгісі талданып, оның тұрақты даму жүйесіндегі орны бағаланады. Тақырыптың өзектілігі Қазақстан жағдайы үшін де жоғары: диссертация мазмұны Жапония тәжірибесін зерделеу арқылы Қазақстанның «жасыл экономикаға көшу» тұжырымдамасы мен «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы сияқты стратегиялық басымдықтарымен үндес келеді. Мысалы, автор Жапония тәжірибесін Қазақстанда қолдану мүмкіндіктерін қарастырып, еліміздің экологиялық саясатын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар ұсынады (бет 8, Кіріспе). Осылайша, зерттеу тақырыбы экологиялық қауіпсіздік пен ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері бойынша халықаралық және ұлттық стратегиялық міндеттерге сәйкес келетінімен және ғылым үшін жаңалығымен құнды.
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p>	Диссертацияның мазмұны таңдалған тақырыптың мәнін толық ашады. Зерттеу құрылымы қысынды және негізді жасалған: жұмыстың жалпы құрылымы кіріспе, негізгі мазмұнды қамтитын үш тарау , қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады (бет 21, Диссертация құрылымы). Әрбір тарау алдыңғы тараудың логикалық

		<p>жалғасы болып, зерттеу міндеттерін дәйекті түрде шешуге бағытталған. Мысалы, бірінші тарауда теориялық алғышарттар қарастырылса, екінші тарауда Жапонияның тәжірибесі талданады, ал үшінші тарауда сол тәжірибелі Қазақстан жағдайына бейімдеу жолдары зерттеледі. Тараулар арасындағы осындай логикалық байланыс зерттеудің ішкі бірлігін қамтамасыз етеді және құрылымының негізділігін көрсетеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) ішінara сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Кіріспеде диссертацияның мақсаты нақты тұжырымдалып, оны іске асыруға қатысты бірнеше ғылыми міндеттер қойылған. Зерттеу мақсаты – Жапонияның «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарына негізделген тұрақты даму моделінің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және институционалдық тетіктерін зерделей отырып, оның тәжірибелік маңызын айқындау болып белгіленген (бет 10, Кіріспе). Осы мақсатқа жету үшін алты түрлі міндет көрсетілген: 1) тұрақты даму, айналмалы экономика және қалдықтарды басқарудың теориялық негіздерін талдау; 2) Жапонияда «қайта өндеу қоғамы» қағидатын іске асырудың институционалдық және құқықтық базасын зерттеу; 3) «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының тарихи қалыптасуы мен қазіргі құрылымын талдау; 4) Жапония мен Қазақстанның қалдықтарды басқару жүйелеріне салыстырмалы талдау жүргізу; 5) Қазақстан жағдайында Жапония тәжірибесін бейімдеу мүмкіндіктерін бағалау; 6) Қазақстан үшін қалдықтарды тиімді басқаруға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу. Рецензия барысында анықталғандай, диссидентант бұл қойылған міндеттердің барлығын зерттеу тарауларында дәйекті түрде орындаған. Мәселен, бірінші міндет бойынша теориялық негіздер 1-тарауда жан-жақты қарастырылған, екінші және үшінші міндеттерге сәйкес 2-тарауда Жапонияның «қайта өндеу қоғамы» жөніндегі ұлттық жоспарлары мен тетіктері талданған, ал төртінші, бесінші және</p>

		<p>алтыншы міндеттер 3-тарауда Қазақстанның жағдайына талдау жасап, ұсыныстар берумен жүзеге асырылған (бет 116, 3.2 тармақ). Әрбір тараудың мазмұны енгізілген міндеттерге толық сәйкес келеді және қойылған мақсатқа қол жеткізілген. Диссертацияның қорытынды бөлімінде де зерттеу басында белгіленген мақсат-міндеттердің орындалғаны туралы түйінді тұжырымдар жасалған, негізгі нәтижелер мақсатқа сәйкес талданып жинақталған. Бұл жағдай зерттеу жұмысының жоспарланған міндеттерін толық жүзеге асырғанын көрсетеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Зерттеу жұмысының барлық тараулары мен тармақтары арасында нақты мазмұндық байланыс сақталған. Диссертация құрылымы біртұтас жүйе ретінде құрастырылған: әр бөлім алдыңғы бөлімнің мазмұнын толықтырып, зерттеу мақсатына жетуге қызмет етеді (бет 21, Диссертация құрылымы). 1-тарауда зерттеудің теориялық қазығы қаланса, 2-тарауда сол теориялық негіздер бойынша Жапонияның тәжірибелік моделі жан-жақты талданады. Ал 3-тарауда (мысалы, 3.2 тармақ, бет 116) Қазақстанның тұрақты даму жолындағы қалдықтарды басқару тәжірибесі қарастырылып, Жапония үлгісімен салыстырма жүргізіледі. Тараулар арасындағы осындай сабактастық зерттеудің логикалық желісін түзіп, негізгі мақсат пен міндеттердің орындалуына ұштасып отырады. Нәтижесінде, диссертацияның бөлімдері бір-бірімен өзара үйлесімді байланысып, жалпы зерттеу тақырыбын кешенді ашуға мүмкіндік берген.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 	<p>Автор ұсынған ғылыми шешімдер мен әдістемелік тәсілдер дәйекті түрде негізделіп, белгілі халықаралық және ұлттық тәжірибелермен салыстырылып талданған. Жұмыста жүргізілген сыни шолу зерттеу нысанының ерекшеліктерін ашып, ұсынылған тұжырымдардың жаңашылдығы мен қолдану мүмкіндігін айқындауға мүмкіндік берген.</p>

		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы жоғары, зерттеу нәтижелері тың бағыттағы ізденистермен ерекшеленеді. Автор алғаш рет Жапонияның «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарын толыққанды ғылыми талдау нысаны ретінде қарастырып, оның құрылымы мен мазмұнын кешенді түрде зерделеген. Нәтижесінде бұл жоспардың тұрақты даму жүйесіндегі институционалдық және әлеуметтік-саяси рөлі жан-жақты бағаланған (бет 18, Кіріспе). Сондай-ақ, отандық ғылымда тұңғыш рет аталмыш жоспардың іске асу тәжірибесіне жүйелі талдау жүргізіліп, оның тарихи қалыптасу кезеңдері, теориялық негіздері, негізгі ұстанымдары мен іске асыру механизмдері анықталған. Зерттеу барысында Жапония мен Қазақстанның қалдықтарды басқару саласындағы жүйелері салыстырмалы тұрғыда талданып , Жапония тәжірибесін біздің елімізде бейімдеудің ғылыми негізделген тәсілдері ұсынылған. Соның ішінде, Жапонияның озық ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып бейімдеу бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу – жұмыстың маңызды жаңалығының бірі. Диссертация нәтижелері мен қорытындылары бұрыннан белгілі мәліметтерді жай қайталаумен шектелмей, толығымен жаңа ғылыми пайымдар ұсынады. Мысалы, автор Қазақстан жағдайында «қайта өндеу қоғамы» моделін енгізуудің тетіктерін сараптамалық сұхбаттар мен SWOT-талдау негізінде анықтап, бұл салада бұрын көтерілмеген тың ұсынымдар жасаған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жұмыста ұсынылған техникалық, экономикалық және басқарушылық шешімдер де жаңашыл сипатта: олар Жапония тәжірибесін терең талдау негізінде Қазақстанның экологиялық және институционалдық ерекшеліктеріне бейімделіп отыр. Мұндай шешімдер елімізде қалдықтарды тиімді пайдалануға

			және тұрақты даму қағидаттарын іс жүзінде асыруға үлес қосатын жаңа бағыт болып табылады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеуде ұсынылған техникалық, экономикалық және басқарушылық шешімдер жаңа болып табылады, себебі олар Жапонияның «Junkangata Shyakai» тәжірибесін терең талдау негізінде Қазақстанның экологиялық және институционалдық ерекшеліктеріне сай қайта қаралып, бейімделген. Бұл шешімдер басқару жүйесін жетілдіруге, қалдықтарды тиімді пайдалануға және тұрақты даму қағидаттарын іске асыруға бағытталған ғылыми негіздемелерге сүйенеді.	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Негізгі қорытындылар ғылыми негізделген және сенімді дәлелдерге сүйенеді. Диссертацияда теориялық тұжырымдар халықаралық және ұлттық стратегиялық күжаттармен, заңнамалық дереккөздермен, сараптамалық сұхбаттар мен SWOT-талдаудың нәтижелерімен жүйелі түрде негізделген. Зерттеудің әдіснамалық жан-жақтылығы оның ғылыми дәлдігін арттырып, қорытындылардың объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
7.	Көрғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жок</u> ;	1-ереже 7.1. Дәлелденді 7.2. Тривиалды емес 7.3. Иә, жаңа 7.4. Қолдану деңгейі кең 7.5. Иә, дәлелденді: Moshkal M.A., Akhapov Y.A., Ogihara A. The concept of circular economy in relation to sustainable development goals // Bulletin of Turan University. – 2022. – № 3. – Р. https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-3-161-174 2-ереже 7.1. Дәлелденді

	<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.2. Тривиалды емес</p> <p>7.3. Иә, жаңа</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5. Иә, дәлелденді:</p> <p>Moshkal M., Akhapov Y., Ogihara A. An overview of sustainable development initiatives in Japan // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «International Relations and Regional Studies». – 2023. – Vol. 53, No. 3. https://doi.org/10.48371/ISMO.2023.53.3.008.</p> <p>3-ереже</p> <p>7.1. Дәлелденді</p> <p>7.2. Тривиалды емес</p> <p>7.3. Иә, жаңа</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5. Иә, дәлелденді:</p> <p>Moshkal M.A., Akhapov Y.A., Ogihara A. Japanese experience in sustainable waste management // Kazakhstan Oriental Studies. – 2024. – № 4 (12). https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.124.</p> <p>4-ереже</p> <p>7.1. Дәлелденді</p> <p>7.2. Тривиалды емес</p> <p>7.3. Иә, жаңа</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5. Иә, дәлелденді:</p> <p>Moshkal M.A., Akhapov Y.A., Ogihara A. Sustainable development in Japan: environmental awareness and attitudes towards waste // Bulletin Orientalism. – 2023. – № 4 (107). – P. 4–13. https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v107.i4.01.</p> <p>Moshkal M., Akhapov Y., Ogihara A. Sustainable Waste Management in Japan: Challenges, Achievements, and Future</p>
--	--	---

			<p>Prospects: A Review // Sustainability. – 2024. – Vol. 16. – № 17. – Art. 7347. https://doi.org/10.3390/su16177347.</p> <p>5-ереже</p> <p>7.1. Дәлелденді</p> <p>7.2. Тривиалды емес</p> <p>7.3. Иә, жаңа</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5. Иә, дәлелденді:</p> <p>Moshkal M., Akhapov Y., Ogihara A. Sustainable Waste Management in Japan: Challenges, Achievements, and Future Prospects: A Review // Sustainability. – 2024. – Vol. 16. – № 17. – Art. 7347. https://doi.org/10.3390/su16177347.</p> <p>6-ереже</p> <p>7.1. Дәлелденді</p> <p>7.2. Тривиалды емес</p> <p>7.3. Иә, жаңа</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5. Иә, дәлелденді:</p> <p>Moshkal M., Akhapov Y., Ogihara A. Sustainable Waste Management in Japan: Challenges, Achievements, and Future Prospects: A Review // Sustainability. – 2024. – Vol. 16. – № 17. – Art. 7347. https://doi.org/10.3390/su16177347.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	<p>Әдіснамалық түрғыда, зерттеу жұмысы ғылыми талаптарға толық сай жүргізілген. Диссертант зерттеу мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің тұтас кешенін негізді түрде қолданған. Атап айтқанда, жұмыста теориялық талдау, синтез, мазмұндық (контент) талдау, жүйелік және құрылымдық-функционалдық талдау сияқты теориялық әдістер пайдаланылып, олар арқылы ғылыми әдебиеттер мен құқықтық құжаттарға шолу жасалған,</p>
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

		<p>негізгі ұғымдардың мазмұны ашылған (бет 16-17, Кіріспе). Эмпираикалық әдістер ретінде сараптамалық сұхбаттар жүргізіліп, сондай-ақ SWOT-талдау қолданылған. Мысалы, диссертацияда Жапония мен Қазақстанның сала мамандары сұхбат арқылы тартылып, сол арқылы екі елдің қалдықтарды басқару жүйелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалған; ал алынған мәліметтер негізінде SWOT-талдау жүргізіліп, ұсыныстар өзірленген. Әдістердің бұлайша үйлесімді қолданылуы зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігін арттырған.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Диссертациялық жұмыста компьютерлік технологиялар тікелей қолданылмағанымен, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы сапалық әдістері кеңінен пайдаланылған. Атап айтқанда, контент-талдау, құрылымдық және салыстырмалы талдау, сараптамалық сұхбаттар мен SWOT-талдау әдістері арқылы мәліметтер жинақталып, интерпретацияланған. Бұл тәсілдер зерттеудің мазмұндық тереңдігін қамтамасыз етіп, ғылыми нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін арттырған.</p>
	<p>1) ия;</p>	
	<p>2) жоқ.</p>	
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Диссертацияда жасалған негізгі ғылыми қорытындылар жеткілікті дәлелдермен және сенімді дереккөздермен негізделген. Автор әрбір тұжырымын теориялық әрі эмпираикалық фактілермен бекітуге мән берген. Атап айтқанда, жұмыста халықаралық деңгейдегі қабылданған құжаттар мен келісімдерден бастап (мысалы, 1972 жылғы Стокгольм декларациясы, 1989 жылғы Базель конвенциясы, т.б.), ұлттық заңнамалық актілер мен стратегиялық бағдарламаларға дейін кең ауқымды дереккөздерге сілтемелер жасалады (бет 9, Кіріспе). Зерттеудің барысында жинақталған статистикалық мәліметтер, ресми есептер мен баяндамалар да қорытындыларды нақтылай түсу үшін пайдаланылған. Мысалы, Жапониядағы қалдықтар мен көмірқышқыл газы шығарындыларына қатысты соңғы деректер талданып, олар</p>
	<p>1) ия;</p>	
	<p>2) жоқ.</p>	

		<p>«Қайта өндеу қоғамы» жоспарының тиімділігін көрсететін дәйек ретінде келтірілген (бет 109-110, 3-тарау). Сонымен бірге диссертант жүргізген сараптамалық сұхбаттар нәтижесінде алынған тәжірибелік ақпарат теориялық тұжырымдарды қуаттай түсken: жұмыста бірнеше кесте мен диаграмма түрінде сұхбат және SWOT-талдау нәтижелері беріліп, солардың негізінде автордың қорытындылары шығарылған. Зерттеу жұмысы бойында дәйекті талдау қағидаты сақталғанын атап өткен жөн – маңызды тұжырымдар әрқашан ғылыми әдебиетпен немесе эмпирикалық деректермен дәлелденіп отырады. Мәселен, диссертация мәтінінде әрбір негізгі идеяға сенімді дереккөзі көрсетіліп, тиісті әдебиеттерге жүйелі сілтеме жасалған (бет 9, Кіріспе). Осылайша, диссертация қорытындылары ғылыми тұрғыдан негізделген және оларға қатысты сындарлы күмән тудырмайды.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u>.</p>	<p>Әдебиеттер құрамы тақырыптың теориялық негізін қамти отырып, оның практикалық қырларын да көрсетуге мүмкіндік береді. Айталақ, тізімде Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған маңызды материалдар, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы мен стратегиялық бағдарламалары, Жапонияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдары мен ақ кітаптары, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың соңғы жылдардағы зерттеу еңбектері енгізілген. Бұл диссиденттың ғылыми мәселеге жан-жақты шолу жасағанын, тақырыпты бүге-шігесіне дейін зерделегенін аңғартады.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.</p>	<p>Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттердің саны мен сапасы талап деңгейіне толық сай келеді. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне талдау жасау барысында оның өте кең ауқымды қамтитыны байқалады: диссертант барлығы шамамен 200-ден астам дереккөзді пайдаланған. Оның ішінде қазақ, орыс, ағылшын және жапон тілдеріндегі монографиялар,</p>

		ғылыми мақалалар, ресми құжаттар мен халықаралық ұйымдардың баяндамалары бар (бет 154-155, Пайдаланылған әдебиеттер тізімі). Сонымен қатар автор Жапония тіліндегі түпнұсқа дереккөздерді де тартқан, бұл зерттеуге ерекше тереңдік пен түпнұсқалық береді. Әдебиеттердің сапасы жоғары: көпшілігі соңғы онжылдықта жарық көрген заманауи ғылыми еңбектер немесе тиісті саладағы нормативтік-құқықтық актілер. Диссертация мәтінінде осы дереккөздерге жүйелі түрде сүйену арқылы ғылыми негіздеме жасалғаны бұрын айттылды. Қорыта айтқанда, пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға жеткілікті және ғылыми талаптарға сай безендірілген.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жок.	Зерттеу жұмысы теориялық тұрғыдан елеулі үлес қосады. Бірінші тарауда тұрақты даму, айналмалы экономика және қалдықтарды басқару ұғымдарының теориялық негіздері терең талданып, осы ұғымдардың өзара байланысы жүйелі түрде қарастырылған (бет 24-26, 1-тарау). Диссертацияда аталған теориялық тұжырымдар Жапонияның «қайта өндеу қоғамы» моделін талдау арқылы нақтыланып, теориялық ұғымдардың мазмұны жаңа деңгейде ашылады. Сонымен бірге, зерттеу нәтижелері ғылымиаралық көзқарасты дамытып, шығыстану, экология, экономика сияқты салалар түйісіндегі білімді толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок.	Зерттеудің практикалық маңызы да жоғары: диссертация қорытындысында Қазақстан жағдайында қолдануға жарамды нақты ұсыныстар беріледі (бет 148, Қорытынды). Автордың Қазақстанның қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру, экологиялық саясатты тиімді жүзеге асыру бағытындағы ұсыныстары ұлттық деңгейде тікелей пайдалануға болады. Сондай-ақ, жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында шығыстану, аймақтану, халықаралық қатынастар мен экология мамандықтары бойынша оқу үдерісінде, тиісті пәндерді

		<p>оқытуда қолдану мүмкіндігі бар. Зерттеу барысында алған деректер мен тұжырымдар атқарушы органдар мен сарапшыларға да пайдалы болып, мемлекеттік экологиялық стратегияларды әзірлеуде негіз бола алады. Жалпы алғанда, диссертация теория мен тәжірибе ұштасқан, ғылыми нәтижелері қолданбалы құндылыққа ие зерттеу ретінде ерекшеленеді.</p>
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	<p>Практикалық ұсыныстар Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, Жапонияның озық тәжірибесін ғылыми тұрғыдан бейімдеу негізінде әзірленген. Ұсыныстар тек шетелдік ұлгіні көшіру емес, оны отандық жағдайға икемдеп, жаңа институционалдық және құқықтық тетіктерді ұсыну арқылы жаңашылдық сипатқа ие болған.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p> <p>Диссертациялық жұмыс ғылыми стильде сауатты жазылған, тілдік және стилистикалық тұрғыда академиялық талаптарға сай. Жұмыс мазмұнының баяндалуы логикалық жағынан бірізді, ой тұтастығы сақталған. Автор ғылыми ұғымдар мен категорияларды (тұрақты даму, айналмалы экономика, т.б.) қолдануда дәлдік танытып, терминологияны дұрыс пайдаланған. Мәтінде артық эмоционалдық мәнер жоқ, баяндау мәнері ұстамды және ғылыми объективтілікке негізделген. Материалдың ресімделуі де талапқа сай: диссертацияда дәйексөздер мен деректерге тиісті сілтемелер беріледі, әрбір кесте мен суретке түсіндірме жасалып, пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме келтірілген. Мысалы, кіріспе бөлімінен бастап-ақ автор өзінің пайымдарын растайтын нақты деректерді халықаралық құжаттармен негізделп отырады (бет 9, Кіріспе). Плагиатқа жол берілмеген: рецензияланған мәтінде диссиденттың өз сөзі және тұжырымдары басым екені аңғарылады, қажет жерінде басқа авторлардың пікірлері мен сілтемелері дұрыс рәсімделіп, дереккөзі көрсетілген. Жазу стилі біркелкі әрі ғылыми реттелген, күрделі теориялық</p>

			<p>мәселелер де түсінікті тілмен жеткізілген. Диссертацияның жалпы тілдік мәдениеті жақсы деңгейде, ғылыми редакциясы талапқа сай орындалған. Осының барлығы жұмыстың академиялық жазу сапасының жоғары екенін және автордың ғылыми коммуникация дағдысының қалыптасқанын көрсетеді.</p>
11.	Диссертацияга ескертулер		<p>Жалпы, диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалғанымен, кейбір ұзақ ескертулерді атап өтуге болады. Олар жұмыстың мазмұнына елеулі әсер етпейді, дегенмен диссертантқа болашақта зерттеулерін толықтыра түсуге көмектесуі мүмкін:</p> <p>Стильдік ескерту: Жұмыс негізінен ғылыми стильде жазылғанымен, кейбір ұзақ және құрылымы күрделі сөйлемдер кездеседі. Мысалы, 3.2-бөлімнің кіріспесінде Қазақстандағы экологиялық проблемаларды сипаттайтын бір сөйлем бірнеше шартты бөліктерді қамтып, оқырманга ауырлау тиеді (3.2 тармақ, бет 116). Осындай күрделі сөйлемдерді сәл ықшамдаң, ойды бөліп бергенде, мәтіннің тілі одан сайын түсінікті болары сөзсіз. Бұл ескерту тек редакциялық сипатта, жұмыстың ғылыми мазмұны мен маңыздылығына еш ықпал етпейді.</p> <p>Әдіснамалық ұсыныс: Зерттеу жұмысы көбіне сапалық әдістерге сүйенген (теориялық талдау, сұхбат, SWOT), бұл таңдалған тақырып үшін орынды және негізді. Дегенмен, кейтүжісіримдарды күшетту мақсатында сандық деректерді өңдеудің кейбір элементтерін де қолдануға болар еді. Мәселен, Қазақстандағы қалдықтарды қайта өңдеу деңгейіне қатысты статистикалық көрсеткіштерді талдан, оларды Жапонияның ұқсас көрсеткіштерімен салыстыра отырып графикалық түрде бейнелеу зерттеудің қолданбалы құндылығын арттыра түсеп еді. Әрине, бұл ұсыныс</p>

		<p>диссертацияның жалпы нәтижелеріне кемшилік ретінде қарастырылмайды, тек келешекте тақырыпты одан әрі тереңдегу үшін ойга алынатын бағыт ретінде айтылады. Ескертулерді түйіндей келе, аталған кемшилікттер жұмыстың негізгі мазмұнына немесе қорытындыларының дәйектілігіне нұқсан келтірмейді. Олар көбіне техникалық және редакциялық сипатта болып отыр. Диссертант ескертулерді назарга алу арқылы өз зерттеуін болашақта одан әрі жетілдіре алады деп санаймыз.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	<p>Диссидентт өзінің зерттеу нәтижелерін ғылыми қауымдастықта белсенді жарияладап, аprobациядан өткізген. Атап айтқанда, диссертация тақырыбы бойынша 5 ғылыми мақала жарық көрген: олардың біреуі жоғары импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналда (Scopus базасында), ал төртеуі КР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық рецензияланатын басылымдарда жарияланған (бет 21, Кіріспе). Бұл көрсеткіш талап етілетін минимумнан жоғары және зерттеу жұмысының жоғары ғылыми деңгейде орындалғанын дәлелдейді. Халықаралық журналдағы мақалада Жапонияның қалдықтарды басқару саласындағы жетістіктері мен болашағы сарапталып, негізгі нәтижелер шетелдік аудиторияға ұсынылған. Ал отандық басылымдардағы мақалаларда жұмыстың теориялық негіздері мен практикалық маңызы талқыланған. Бұл еңбектер диссертацияның өзектілігін және ғылыми жақалығын ғылыми ортада алдын-ала таныстырып, оң баға алғанын көрсетеді. Сондай-ақ, диссидентт шетелдік және республикалық конференцияларда З баяндама жасаған, мұның өзі зерттеу нәтижелерінің кеңінен талқыланғанын білдіреді. Жалпы, докторанттың жарияланымдар сериясы оның зерттеу тақырыбын терең менгергенін және нәтижелерінің ғылыми құндылығын тағы бір растайды.</p>

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>Мошқал Мәдина Асқарбекқызының «Жапонияның тұрақты даму моделі: «Junkangata Shyakai» («Қайта өндеу қоғамы») іргелі жоспарының мысалында» атты диссертациялық жұмысы мазмұны жағынан да, ғылыми нәтижелері тұрғысынан да PhD дәрежесіне қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделген, мақсаты мен міндеттері орындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы жоғары деңгейде дәлелденген. Диссертация шығыстану бағыты бойынша жаңа деректер мен пайымдар ұсынып, Қазақстанның тұрақты даму саясатын жетілдіруге септігін тигізетін құнды ұсыныстар берген. Жұмыс күрылымы жүйелі, әдіснамасы негізді, тұжырымдары сенімді әрі әдебиеттермен жақсы қамтамасыз етілген. Рецензенттің шешімі бойынша, аталған диссертация қорғауға ұсынылады және диссертант Мошқал М. А. философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеледі.</p>
-----	---	--	---

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензент:

Алматы менеджмент университетіндегі PhD докторы,
қауымдастырылған профессор (доцент)



A.E. Сериккалиева